

ОТБАСЫЛЫҚ ӘУЛЕТТЕР АРАСЫНДАҒЫ «КІТАП ОҚИТЫН ӘУЛЕТ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ КВИЗІН ӨТКІЗУ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Квиздің мақсаты мен міндеттері

«Кітап оқитын әулет» интеллектуалды квизи (әрі қарай — Квиз) келесідей мақсатта өткізіледі:

- Отбасылық әулет мүшелері арасында (балалар, ата-ана, әжелері мен аталары) көркем және ғылыми-танымал әдебиеттерді оқуға деген қызығушылықты арттыру.
- Кітап оқу мәдениетін дамыту.
- Отбасылық ортада ой-өрісін кеңейту және өзін-өзі тұрақты дамытуға ынталандыру.
- Әдеби шығармаларды талдау және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.
- Отбасыишілік байланысты және бір команда ретінде қызмет етуге ынталандыру.

1.2. Құрылтайшы

- «AMANAT» партиясы;
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.3. Квиз ұйымдастырушылары

- Мектеп әкімшілігі (білім беру мекемесінің ішінде);
- Аудандық/қалалық білім бөлімдері (аудандық/қалалық);
- Облыстық білім беру басқармасы (облыстық);
- «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры.

1.4. Өткізу тілі

- Квиз екі тілдегі лигада өтеді: қазақ және орыс.

2. Квиз қатысушылары

2.1. Қатысуға қойылатын талаптар

Квизға қатысуға жалпы білім беретін мектептерде білім алатын отбасылық әулеттер (балалар, ата-ана, әжелері мен аталары) жіберіледі.

2.2. Қатысу форматы

– Командалық квиз: команда отбасыны таныстыратын 5 адамнан құралады. Әр командада міндетті түрде болуы тиіс: бір мектеп оқушысы (6-10 сынып), бір ересек (ата-ана), бір егде жастағы адам (ата-әже).

3. Квиз өткізу кезеңдері

Квиз үш кезеңде өтеді:

3.1. I кезең — білім беру мекемесінің ішінде

Мектеп әкімшілігі өткізеді.

Форматы:

Квиз: Әр түрлі жас топтарына арналып әзірленген тізімдегі 15 кітап мазмұны негізінде. Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иеленгендер анықталады. 1 орын иеленген команда аудандық/қалалық кезеңге өтеді.

3.2. II кезең — аудандық/қалалық

- Аудандық/қалалық білім беру бөлімдері өткізеді.
- I кезең бойынша іріктеліп алынған командалар (I орын) қатысады.
- Форматы:

○ Командалық квиз: қатысушылардың жас ерекшелігін ескере отырып әзірленген кітап мазмұнына негізделген сұрақтар.

- Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иелері анықталады, 1 орын иеленген команда облыстық кезеңге жолдама алады.

3.3. III кезең — облыстық

- Облыстық білім басқармасы өткізеді.
- Аудандық/қалалық кезеңнің жеңімпаз командалары (1 орын) қатысады.
- Форматы:
 - Командалық квиз: балалар мен ересектердің жас ерекшелігін ескере отырып әзірленген күрделі сұрақтар.
- Нәтижесі бойынша 1, 2 және 3 орын иеленген командалар анықталып, сыйлықтармен және медальдармен марапатталады.

3.4. Өткізу мерзімі мен кесте:

- Тіркелу: 2025 жылдың 20 қыркүйегіне дейін
- I кезең: 2026 жылдың 10 ақпанына дейін
- II кезең: 2026 жылдың 28 ақпанына дейін
- III кезең: 2026 жылдың 30 наурызына дейін

4. Қатысушыларға қойылатын талаптар

4.1. Әдебиеттер тізімі

Әр қатысушы байқау комиссиясы бекіткен 15 кітапты оқуға міндетті. Кітаптар отбасылық әулет мүшелерінің қызығушылықтарын ескере отырып таңдалған.

4.2. Кітап оқу форматы

Кітаптарды қағаз немесе электронды форматта оқуға болады. Кітаптар қатысушыларға таратылмайды.

5. Марапаттау

5.1. Жұлделер мен марапаттар

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер дипломдармен және қаржылай сыйлықтармен марапатталады (қаржылай сыйлық мектеп/аудандық/қалалық әкімдіктермен анықталады). Барлық қатысушыларға сертификаттар беріледі.

- III кезең (облыстық):
 - 1 орын – 1 000 000 теңге
 - 2 орын – 600 000 теңге
 - 3 орын – 400 000 теңге

5.2. Ақшалай сыйлықтар команда мүшелері арасында тең бөлінеді.

5.3. Сыйлықтар сайыс аяқталған күннен бастап 30 күн ішінде табысталады.

6. Бағалау

6.1. Байқау комиссиясы

Әр кезеңді бағалау үшін арнайы байқау комиссиясы құрылады.

6.2. Апелляция

Апелляция нәтиже жарияланғаннан кейінгі 20 минуттан кешіктірілмей беріледі.

Формасы: Комиссия төрағасының атына даулы мәселе бойынша келіспейтін сұрақ/нәтижеге қатысты жазбаша өтінім беріледі. Комиссия шешімі түпкілікті.

7. Тіркелу және өтінім беру

7.1. Тіркелу тәртібі

Қатысу үшін белгіленген үлгідегі өтінімді 2025 жылғы 20 қыркүйекке дейін толтырып, мектеп кураторы арқылы тапсыру қажет.

8. Ұйымдастырушылардың байланыс құралы

Ұйымдастыру мәселелері бойынша қатысушылар келесі тұлғаларға жүгіне алады:

- Мектепшілік кезең бойынша: мектептегі байқау үйлестірушісіне (байланыс құралдары мектеп әкімшілігі тарапынан беріледі).
- Аудандық/қалалық және облыстық кезең: тиісті аудандық/қалалық және облыстық білім бөлімі/басқармасы.

Қосымша 1. Өтінім үлгісі

«Кітап оқитын әулет» квизіне қатысуға өтінім

1. Қатысушының аты-жөні:

2. Қатысушы әулеттің баласы білім алатын мекемесінің атауы (толық):

3. Отбасыдағы рөлі (бала, ата-ана, әжесі/атасы):

4. Аудан/қала: _____

5. Байланыс телефоны:

6. Электронды пошта:

7. Қай лиганы таңдайсыз?

☐ Қазақ лигасы

☐ Орыс лигасы

8. Әулет туралы ақпарат (командадағы әулеттің басқа мүшелерінің ТАӘ, жасы, рөлі)

9. Аты-жөні және қолы:

10. Өтінім тапсырылған күні: «__» _____ 2025 ж.

11. Мектеп өкілі / жауапты тұлғаның қолы:

- Аты-жөні: _____

- Қызметі: _____

- Қолы: _____